

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық ақпарат орталығы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 16 мамыр N 729

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың хал-ахуалы және динамикасы туралы отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын ақпараттық-талдаушылық қамтамасыз етудің жеделдігін және тиімділігін арттыру жүзеге асырылып жатқан реформалардың оң тәжірибесін насихаттау, еліміздің оң бейнесін қалыптастыру жөніндегі жұмыстың сапасын жақсарту мен күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық ақпарат орталығы (бұдан әрі - Орталық) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

Орталық туралы ереже;

Орталыққа міндетті түрде ұсынылатын материалдардың тізбесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Экономика министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Орталықта жұмыс істеу үшін бір-бір жауапты қызметкерден бөлсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен. P011369\_

4. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) орталыққа тиісті ақпаратты уақытылы беруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне Орталықтың жарақтандырылуы үшін қажетті техникалық жабдықтарды сатып алуға көмек көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігіне Орталықты орналастыру үшін қажетті үй-жай бөлінсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен Орталықты көп арналы телефонды және электронды байланыспен, "Интернетке" қол жеткізуімен қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 16 мамырдағы  
N 729 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық  
ақпарат Орталығы туралы  
ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық ақпарат Орталығы (бұдан әрі - Орталық) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің, Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінің және өкілдіктерінің бұқаралық ақпарат құралдарын жедел ақпараттық-талдаулық қамтамасыз ету қызметі болып табылады.

2. Орталықтың жұмысына жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі жүзеге асырады.

3. Орталық мынадай орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардан: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесінен, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен, Экономика министрлігінен, Мемлекеттік кіріс министрлігінен, Қаржы министрлігінен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінен, Ауыл шаруашылығы министрлігінен, Көлік және коммуникациялар министрлігінен, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінен, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу,

бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінен, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінен, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінен (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен (келісім бойынша) бөлінген жауапты қызметкерлерден тұрады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369

қаулысымен. P011369\_

4. Орталықтың жетекшісін Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі келісім бойынша тағайындайды.

## II. Орталықтың негізгі міндеттері мен функциялары

5. Орталықтың негізгі міндеттері:

- 1) отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына әлеуметтік-экономикалық жағдай, елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформалардың оң тәжірибелері туралы сапалы талдау және жедел ақпараттар беру;
- 2) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары, Қазақстанның шетелдердегі елшіліктері мен өкілдіктері баспасөз-қызметтерінің, мемлекеттік органдардың және тұтастай алғанда еліміздің оң бейнесін қалыптастыру жөніндегі жұмысын ақпараттық-талдаулық және әдістемелік қолдау;
- 3) Қазақстан веб-сайттарының "Интернетте" жұмыс істеуін ақпараттық қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

6. Орталыққа негізгі міндеттерге сәйкес мынадай функциялар:

- 1) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, өзге де мемлекеттік органдарынан (келісім бойынша), сондай-ақ ашық көздерден ( ақпараттық агенттіктер, теледидар, баспасөздік ақпарат құралдары, "Интернет" кең ауқымды жүйесі және т.б.) келіп түсетін Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік саласындағы мейлінше маңызды оқиғалар мен өзгерістер туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және қорыту;
- 2) бейне ақпараттарды шығару үшін қажетті іріктеу, жазу және редакциялау, графикалық материалдар мен мәтіндерді сканерлеу, Орталықтың ақпараттық-талдау материалдарына пайдалану үшін келіп түсетін деректерді визуалдандыру;
- 3) ашық көздерден жиналатын және Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, өзге де мемлекеттік органдарынан келіп түсетін ақпараттарды жүйелеу және оны орталықтың деректер базасында сақтау, бұқаралық ақпарат құралдарына және жоғарыда аталған басқа да деректердің жұмыс істеп тұрған базаларынан алушыларға материалдар беру жүктеледі.

### III. Орталықтың жұмыс істеу тәртібі

7. Орталықтың күнделікті тобының міндеттеріне:

1) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен, өзге де мемлекеттік органдарымен (келісім бойынша) жедел байланысты жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, өзге де мемлекеттік органдарынан (келісім бойынша), сондай-ақ ашық көздерден алынатын ақпараттарды жинау, рангілерге бөлу тексеру және талдау;

3) Орталықтың тұрақты ақпараттық-талдау материалдарын әзірлеу және шығару;

4) ақпараттық-талдау материалдарын ақпараттық агенттіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, "Интернет" веб-сайттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдердегі елшіліктері мен өкілдіктері арқылы уақытылы тарату кіреді.

8. Орталықтың ішкі жұмыс тәртібін, ақпараттық-талдау материалдарының форматы мен әзірлеу мерзімін, Орталықтағы кезекшіліктің кестесін Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі белгілейді.

### IV. Орталықтың қызметін қамтамасыз ету

9. Орталықтың қызметін ұйымдастыруды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жүзеге асырады.

10. Орталықтың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де (келісім бойынша) мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

11. Орталықтың жұмысын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының

орталық және жергілікті атқарушы органдарының, өзге де мемлекеттік органдарының (келісім бойынша) бірінші басшылары берілетін ақпараттардың уақытылы болуына және дұрыстығына жауапкершілікте болады, Орталыққа ішкі арналар бойынша келіп түсетін ақпаратты тұрақты режимде беретін уәкілетті адамды тағайындайды.

12. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, өзге де мемлекеттік органдарынан (келісім бойынша) ақпараттарға қойылатын талаптарды Орталық белгілейді.

№ 729 қаулысымен  
бекітілді

Экономикалық ақпарат Орталығына міндетті түрде ұсынылатын  
материалдардың  
ТІЗБЕСІ

<\*>

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. № 1369  
қаулысымен.

P011369\_

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
(келісім бойынша)

Материалдардың тақырыбы:

ақша-несие саясаты;  
валюталық реттеу;  
экономиканы несиелендіру мәселелері;  
елдің төлем теңгерімінің жай-күйі;  
елдегі банк жүйесін дамыту;

капитал рыногын дамытудың проблемалары мен перспективалары; экономиканы қаржыландыруда қаржы құралдары тиімділігінің проблемалары; аймақтарда қаржы құралдарын пайдалануды тарату.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық  
жоспарлау жөніндегі агенттігі  
(келісім бойынша)

Материалдардың тақырыбы: "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді стратегиялық призмасы арқылы Қазақстанның экономикалық саясатының барлық аспектілерін жариялау; Қазақстан Республикасының Мемлекет және Үкімет басшыларының барлық стратегиялық маңызды бастамалары бойынша түсініктемелер; арнайы мәселелерді жариялау - мемлекеттік өкіметтің орталыққа тәуелділігін жою, мемлекеттік жоспарлау жүйесін дамыту және жетілдіру және т.б.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
макроэкономикалық саясат мәселелері;  
Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасы және оны іске асыру;  
мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы;  
елдегі жағдайға ағымдағы талдау.

#### Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
жекешелендіру мәселелерін жариялау;  
мемлекеттік мүлік және мемлекеттік активтерді басқару мәселелерін жариялау;  
республикалық бюджет және оның орындалуы, шығыс бөлігі;  
мемлекеттік қаржының жай-күйі;  
қаржылық бақылау;  
мемлекеттік борыштың жай-күйі.

#### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
фискальдық саясат;  
салықтық реттеу мәселелері;  
кеден саясаты;  
салық мәдениетін көтеру;  
салық полициясы және оның рөлі.

#### Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
транзиттік әлеует және оны дамыту;  
авиация, теміржол, көлік және су көлігі, көлік-жолы салаларының  
проблемалары және оларды шешудің мүмкіндіктері;  
телекоммуникациялық қызмет көрсетулерді, жүйелер мен технологияларды  
дамыту.

#### Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
индустрияландыру саясатының мәселелері және өнеркәсіптік әлеуетті дамыту;  
ғылыми, технологиялық және инновациялық даму;  
елдің отын-энергетикалық кешенін дамыту;  
әлемдік тауар рыноктарындағы мәселелерді жариялау;  
демпингке қарсы саясаттың мәселелері және заңнамасы.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
фермерлік шаруашылықты дамыту;  
агроөнеркәсіптік әлеуеттің өсуі;  
селолық аймақтарда халықты жұмыспен қамту.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігі

Материалдардың тақырыбы:  
зейнетақы реформасының экономикалық аспектілері;  
зейнетақы реформасының проблемалары мен перспективалары;  
жұмыс орындарын құрудың мониторингі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі

Материалдардың тақырыбы:  
инвестициялық саясат;  
инвестициялық заемдарға қызмет көрсету;  
инвестицияларды пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігінің мәселелері.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу,  
бәсекелестікті қорғау және шағын  
бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі

Материалдардың тақырыбы:  
табиғи монополистердің қызметін жариялау;  
табиғи монополистердің қызметін реттеу саясаты;  
бәсекелестікті дамыту;  
шағын бизнесті дамытуды шешу мәселелері мен проблемалары.

# Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Материалдардың тақырыбы:

әлеуметтік сала мен экономиканы дамытудың көрсеткіштері;  
республика және аймақтар бойынша әлеуметтік-демографиялық дамудың  
көрсеткіштері.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.